




Хатшепсут патшайымның кемесі

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде көне Мысыр елінің ең алғашқы және жалғыз әйел фараоны – Хатшепсут патшайым оқиғасы баяндалады. Ол өзінің батыл саяхаттарымен және экспедицияларымен танымал болған, ал оның мазарында патшайымның саяхатқа шыққанда пайдаланған кемесінің толығымен жасалу жобасы кескінделген. Сурет 1:10 масштабына дейін кішірейтілген. Осы сурет бойынша кемеңің толық масштабы үлгісі сәтті жасалып шықты.



Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Масштабты сызбаны түсіну және қолдана білу.
- Масштабты сызба арқылы есептер шығара білу.
- Белгілеу қатынасын қолдануды, оның ішінде жай бөлшекке дейін қысқарту және қатынасты 1:n түрінде беруді білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Автокөлік, реактивті лайнер және теңіз саяхаты лайнерінің масштабтық суретін салыңыз.
- Масштабталған сурет арқылы ұзындық пен қашықтықты айтыңыз.
- Басып шығарылған сурет масштабын есептеңіз.

Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Карталарды талдау және қолдана білу.
- Карталар көмегімен қатынас пен пропорцияға арналған мәтіндік тапсырмаларды орындай білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Мектептің масштабталған картасын салыңыз.
- Картада берілген нүктелерге байланысты карта масштабын есептеңіз.



Хатшепсут патшайым – батыл саяхаттар мен экспедицияларға шыққан ежелгі Мысырдың алғашқы әйел фараоны.

Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Самос туннелі

Бұл фильмде дәл өлшемдер мен масштабты сызбалар арқасында қол жеткізілген көне өркениеттің әсерлі мысалы келтірілген.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

“Спитфайрды” модельдеу

Бұл фильмде ұзындық, аудан және көлемнің масштабтық көбейткіштерінің қалай байланысқандығы зерттеледі.

Джай Сингх

Бұл фильмде үнді астрономдарының аспан әлемін қатесіз өлшеуде қолданған ерекше әдістері көрсетіледі.

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушыларға солтүстігінде Мысыр елінен төменге қарай қазіргі Эритреяға дейін созылып жатқан, ал оңтүстігінде Сомалимен шектесетін Қызыл теңіздің 1:100 000 немесе осыған ұқсас масштабтағы картасын көрсетіңіз. Содан соң оқушыларға сызғыш пен масштаб арқылы Мысырдан Сомалидің шетіне дейінгі қашықтықты анықтауды тапсырыңыз. (Қашықтық шамамен 3000 км болуы тиіс; қайықтың орналасу орны белгісіз, бірақ шамамен осы жағалауда болуы керек).

Фильм көрсету



Хатшепсут патшайымның кемесі

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Оқушыларға Хатшепсут заманындағы кеме секілді заманауи алып құрылыстардың масштабтық сызбасын жасауды тапсырыңыз. Суретке дұрыс масштабты сақтай отырып, адам бейнесін түсіруді ұсыныңыз. Масштабтың дұрыстығы сондай, оны жобалағанда түпнұсқадағы өлшемдер өзара сәйкес келуі тиіс. Аяқтаған соң, оқушыларға өз көршілерімен суреттерін ауыстырып, суреттегі объектілердің толық масштабын анықтауды тапсырыңыз.

Тереңдетілген деңгей

Оқушыларға 1:10 000 масштабпен мектептің нақты картасын салуды тапсырыңыз. Жұмыстарды жинап, салыстырып, ең жақсы картаны таңдап алыңыз. Картаны көшірмеден өткізіп, оқушыларға таратып, сол картаны пайдалана отырып, мектептегі аралық қашықтықтарды анықтауды тапсырыңыз. Содан соң хабарландыруға арналған үлкен тақтаны алып, мектеп картасын центріне іліңіз де, жақын жатқан орындарды дәл сол масштабпен картаға енгізіңіз.

Қосымша жаттығулар

Негізгі деңгей

Оқушыларға объектілердің шығарылған суреттерін беріп, масштаб көмегімен ағымдағы объект өлшемін анықтауды тапсырыңыз. Мысалы, есігінің алдында адам бейнеленген жолаушылар ұшағы; сыртында автокөліктер тұрған ғимарат суреті.

Тереңдетілген деңгей

Ерте замандағы Жерорта теңізінің масштабы өзгертілген картасын табыңыз. Содан соң картадағы нүктелер арасындағы қашықтық сипаттамасын оқушылар карта масштабын анықтай алатындай етіп беріңіз. Әрі қарай, Жерорта теңізіне жасалған теңіз саяхатын сипаттап, оқушыларға саяхат қашықтығын табуды тапсырыңыз.

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Оқушыларға үйдің немесе пәтердің масштабтық картасын беріңіз (көбінесе ғаламторда кездесетін жеке мүлікті сату хабарламаларында осындай мәліметтер беріледі). Оқушыларға жеке бас мүлігінің жалпы ауданын масштабтық сызбада анықтауын сұрап, содан соң жауаптарды хабарламада берілген мәліметтермен салыстыруды тапсырыңыз.



Ежелгі орташа мысырлықтың бойы шамамен 165 см болғаны белгілі, ал Хатшепсут патшайымның кемесіндегі суреттерде адамдардың бойы 16,5 см екені анықталды.